Байтаракова Куралай Жумановнаның 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Алматы облысының тәлімі жер жағдайында шаруашылық -құнды белгілері бойынша ноқат сорттарын салыстырмалы зерттеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеулер келесі ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде жүргізілді: – 2021–2023 жж. – БП 267 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өндіруге арналған өсімдік биотехнологиясы, генетикасы, физиологиясы және биохимиясы жетістіктері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын шығару» (мемлекеттік тіркеу №0121РК00772); – 2024–2026 жж. – BR22885414 «Заманауи биология әдістері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттарын шығару, олардың сорттық технологиясы мен бастапқы тұқым шаруашылығын әзірлеу» ғылыми-техникалық жобасы. «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты»
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның ғылыми маңыздылығы жан-жақты ашылған. Оңтүстік-шығыс Қазақстанның ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі жерлері мен Қараойдың құрғақ дала аймағы жағдайында жүргізілген кешенді далалық және зертханалық зерттеулер нәтижесінде ноқат сортүлгілерінің шаруашылық-құнды белгілері мен өнімділігі зерттеліп, бейімделгіш генотиптерді іріктеудің ғылыми негіздері айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сәйкес жоғары деңгейде орындалған. Ғылыми зерттеу жоспарын әзірлеу, әдебиеттерге шолу жасау, көпжылдық далалық және зертханалық тәжірибелерді ұйымдастыру, алынған нәтижелерді тиісті әдістемелер бойынша талдау, ғылыми мақалалар жариялау, ноқаттың шаруашылық-құнды белгілерін

Байтаракова Куралай Жумановнаның 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Алматы облысының тәлімі жер жағдайында шаруашылық -құнды белгілері бойынша ноқат сорттарын салыстырмалы зерттеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеулер келесі ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде жүргізілді: – 2021–2023 жж. – БП 267 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өндіруге арналған өсімдік биотехнологиясы, генетикасы, физиологиясы және биохимиясы жетістіктері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын шығару» (мемлекеттік тіркеу №0121РК00772); – 2024–2026 жж. – BR22885414 «Заманауи биология әдістері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттарын шығару, олардың сорттық технологиясы мен бастапқы тұқым шаруашылығын әзірлеу» ғылыми-техникалық жобасы. «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты»
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның ғылыми маңыздылығы жан-жақты ашылған. Оңтүстік-шығыс Қазақстанның ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі жерлері мен Қараойдың құрғақ дала аймағы жағдайында жүргізілген кешенді далалық және зертханалық зерттеулер нәтижесінде ноқат сортүлгілерінің шаруашылық-құнды белгілері мен өнімділігі зерттеліп, бейімделгіш генотиптерді іріктеудің ғылыми негіздері айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сәйкес жоғары деңгейде орындалған. Ғылыми зерттеу жоспарын әзірлеу, әдебиеттерге шолу жасау, көпжылдық далалық және зертханалық тәжірибелерді ұйымдастыру, алынған нәтижелерді тиісті әдістемелер бойынша талдау, ғылыми мақалалар жариялау, ноқаттың шаруашылық-құнды белгілерін

			кешенді бағалау және практикалық ұсыныстар әзірлеу сияқты негізгі жұмыстар автор тарапынан дербес орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген. Оңтүстік-шығыс Қазақстанның ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі жерлері мен Қараойдың құрғақ дала аймағы жағдайында ноқат сортүлгілерінің өсіп-даму ерекшеліктері, шаруашылық-құнды белгілері мен өнімділігі зерттелген. Жоғары өнімді, жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделген ноқат сорттарын іріктеу ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудың және тұрақты өнім алудың маңызды факторы болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияда тақырыпқа сай келетін мақсат және міндеттер айқын түрде нақтыланған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның ғылыми мазмұнын жан-жақты ашады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі қағидалары логикалық тұрғыдан өзара тығыз байланысқан. Зерттеу жұмысының тараулары бірізділікпен баяндалып, танаптық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері тиісті әдістемелер негізінде талданған. Алынған ғылыми нәтижелер жүйеленіп, нақты тұжырымдар мен қорытындылар жасалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған ноқат сортүлгілерін шаруашылық-құнды белгілері бойынша кешенді бағалау және болашағы бар генотиптерді іріктеу тәсілдері ғылыми тұрғыдан негізделіп, бұрыннан белгілі селекциялық әдістермен салыстырылып, сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан	Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа болып табылады. Зерттеу барысында оңтүстік-шығыс Қазақстанның ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі жерлері мен Қараойдың құрғақ дала

		кем).	аймағы жағдайында ноқат сортүлгілерінің шаруашылық-құнды белгілері, өсіп-даму ерекшеліктері мен өнімділігі кешенді түрде зерттелген. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жоғары өнімді және жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделген перспективалы генотиптер анықталып, олардың селекциялық құндылығы ғылыми тұрғыдан негізделген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары ауыл шаруашылығы ғылымы үшін жаңа болып табылады және жүргізілген тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген. Зерттеу нәтижелері оңтүстік-шығыс Қазақстанның тәлімі жерлері мен Қараойдың құрғақ дала аймағы жағдайында ноқат сортүлгілерінің шаруашылық-құнды белгілері мен өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер негізінде жоғары өнімді, жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделген перспективалы генотиптер іріктеліп, олардың селекциялық маңыздылығы ғылыми тұрғыдан негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық және селекциялық шешімдер ішінара жаңа болып табылады және ғылыми зерттеу нәтижелерімен негізделген. Себебі қолданылған селекциялық әдістер ғылымда кеңінен белгілі болғанымен, оларды жергілікті топырақ-климаттық жағдайларда ноқаттың перспективалы генотиптерін іріктеу үшін кешенді пайдалану ғылыми және практикалық маңызға ие.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Жүргізілген ғылыми зерттеулердің қорытындылары тәжірибелік деректермен дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған барлық ережелер толық дәлелденген.

		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған барлық ғылыми қағидалар жаңашылдығымен және ғылыми маңыздылығымен ерекшеленеді
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.3 Ғылыми жаңалығы – Қазақстан жағдайында алғаш рет ноқаттың (Cicer arietinum L.) генетикалық қоры шаруашылық-құнды белгілері бойынша кешенді зерттеліп, селекция үшін құнды бастапқы материалдар іріктелген және жоғары өнімді, абиотикалық стресс факторларына төзімді тоғыз жаңа ноқат сорты – «Мирас 07», «Нұрлы 80», «Сәтті», «Ер-Сұлтан», «Самға», «Алпамыс», «Ақжол», «Деркул» және «Ақнәр» шығарылған.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.4 Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.5 Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	1) ия Зерттеу әдістемелері көрсетілген әдеби деректерге негізделген. Зерттеу әдістері сауатты баяндалып, жүргізілген зерттеулердің сапалық және сандық көрсеткіштері анықталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	1) ия Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістері мен компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында алынған деректер ғылыми тұрғыдан өңделіп, талданып, нәтижелерге тиісті интерпретация жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	1) ия Диссертация тақырыбы бойынша жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар ноқат сортүлгілеріне жүргізілген фенотиптік, молекулалық-генетикалық және физиологиялық-

		нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	биохимиялық зерттеулердің нәтижелерімен ғылыми тұрғыдан дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми әдебиеттерде келтірілген мәліметтермен салыстырылып, тиісті дереккөздер негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Әрбір зерттеу көрсеткіші бойынша жүргізілген талдаулар мен жасалған тұжырымдар отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерімен негізделген. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Қазақстанның, жақын және алыс шетел ғалымдарының заманауи ғылыми жарияланымдары пайдаланылып, алынған нәтижелерге жан-жақты салыстырмалы талдау жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне отандық және шетелдік ғалымдардың 281 ғылыми еңбегі енгізілген. Докторант пайдаланған жарияланымдар зерттеу тақырыбына қатысты маңызды ғылыми мәліметтерді қамтиды. Сондықтан әдебиеттер тізімі диссертациялық жұмысты жан-жақты талдау және ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	1) бар Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы ноқаттың өнімділігі мен шаруашылық-құнды белгілерінің әртүрлі агроэкологиялық жағдайларда қалыптасу заңдылықтарын, фузариоз ауруына төзімділігін және төмен температура әсеріне физиологиялық-биохимиялық бейімделу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуімен сипатталады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді селекциялық жұмыста және өндірістік жағдайда қолдану мүмкіндігі бар. Жоғары өнімді, төзімді генотиптер бастапқы материал ретінде іріктеліп, жаңа ноқат сорттары Мемлекеттік сортсынаққа ұсынылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар жаңа селекциялық нәтижелерге негізделген. Жоғары өнімді, бейімделгіш ноқат генотиптерін селекцияда пайдалану және жаңа сорттарды әртүрлі агроэкологиялық аймақтарда өсіру ұсынылған.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық деңгейде жазылған, зерттеу нәтижелері нақты, жүйелі және түсінікті түрде баяндалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен ғылыми нәтижелерін жан-жақты талдау барысында елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Жұмысқа қатысты ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант Байтаракова Куралай Жумановнаның диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде орындалған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Байтаракова Куралай Жумановнаның 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ бекіткен талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, зерттеу нәтижелерінің негізділігі, теориялық және практикалық маңыздылығы бойынша жоғары бағаланып, автор философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп танылады.

Ресми пецензент:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биология және биотехнология факультетінің «Ботаника және агроэкология» кафедрасының аға оқытушысы., б.ғ.к.

_____ Д.А. Юсаева
(қолы, тегі, аты-жөні)

мерзімі «30» қазан 2026 жыл

Қолы расталады, мөрмен